

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын, Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоратившілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидалары мен шарттарын бекіту және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 25.01.2017 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а.2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 37-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 802 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулысымен.

2) Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоратившілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидалары мен шарттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 15.12.2016 № 802 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулыларымен.

2. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 23, 288-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-министрі К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 3

қ а ң т а р д а ғ ы

№

4 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидалары

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 802 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 3

қ а ң т а р д а ғ ы

№

4 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидалары мен шарттары

Ескерту. Қағида мен шарттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру

қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

Қағидалар шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін квотаның негізінде жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бизнес-көшіп келуші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатымен келген көшіп келуші;

2) бос жұмыс орны – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

3) еңбек жөніндегі уәкілетті орган – еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

4) жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

5) кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарлама – жұмыс берушінің кадрлардағы жергілікті қамтуды жоспарлы ұлғайту мақсатында жүргізілетін, өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес құзыретті органмен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасасқан келісімшарты бар жұмыс беруші жоспарлаған және орындайтын өз қызметкерлерін – Қазақстан Республикасының азаматтарын кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды немесе біліктілігін арттыруды қамтитын, құзыретті органмен және еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісілген шаралар кешені;

6) кепілдік жарна – шетелдік қызметкер мен маусымдық шетелдік қызметкердің шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың жарамдылығы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетуіне кепілдікті қамтамасыз ететін ақшалай жарна;

7) корпоративішілік ауыстыру – Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының

аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;

8) көшіп келуші – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

9) қүзыретті орган – егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзгеше белгіленбесе, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды жасасуға және орындауға байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын орталық атқарушы орган;

10) қызметкерлердің тізімдік саны – жұмыстарды азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардан, сондай-ақ бір жұмыс берушімен қоса атқарылатын жұмыс туралы еңбек шартын жасасқан қызметкерлерден басқа, жасалу мерзіміне байланыссыз еңбек шарттары негізінде қабылданған адамдар саны;

11) маусымдық шетелдік қызметкер – климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс беруші жұмысқа тартатын көшіп келуші;

12) өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған адамдардың тізбесі – осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасында шетелдік қызметкерлердің өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған кәсіптердің (мамандықтардың) тізбесі;

13) уәкілетті орган – өңірлік деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

14) шетелдік жұмыс күші – маусымдық шетелдік қызметкерлерді, жұмысқа өз бетінше орналасатын қызметкерлерді, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік қызметкерлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші тартатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

15) шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға арналған рұқсат –

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін жұмыс берушіге жергілікті атқарушы орган беретін, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы құжат;

16) шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға берілетін рұқсат – шетелдік қызметкерлердің Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған адамдардың тізбесіне кіретін шетелдік қызметкерге жергілікті атқарушы орган беретін, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы құжат;

17) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде көші-қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асырушы мемлекеттік орган;

18) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартылатын шетелдік жұмыс күшінің саны;

19) шетелдік заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғасы – акциясының бір бөлігі немесе үлесі тікелей немесе жанама осы шетелдік заңды тұлғаға тиесілі Қазақстан Республикасының аумағында құрылған заңды тұлға;

20) шетелдік қызметкерлер – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген немесе жұмыс берушілер тартатын, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартатын көшіп келушілер;

21) шығу елі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік азаматы болып табылатын ел.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.10.2014 № 1065 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Осы Қағидалар мынадай шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға:

1) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Заңның 3-бабында көзделмеген мақсатпен Қазақстан Республикасының аумағында тоқсан күннен артық болмаған адамдарды қоспағанда, көшіп келушілер болып табылмайтын;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;

3) оралман;

4) бизнес-көшіп келуші;

5) босқын немесе пана іздеп жүрген адамның мәртебесін алған;

6) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына сәйкес гуманитарлық уәждемелер бойынша келген көшіп келушілер болып табылатын;

7) Қазақстан Республикасы соттарының үкімі бойынша бас бостандығынан айыруға, шартты, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалауға сотталған;

8) адам саудасымен байланысты нақты қылмыстық істі жүргізу кезеңінде сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адам саудасының құрбандары болып табылатын;

9) Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатымен келетін кәмелеттік жасқа толған, Қазақстан Республикасы азаматының жұбайы (зайыбы) болып табылатын және кемінде үш жыл Қазақстан Республикасы заңнамасында танылған некеде тұратын;

10) Қазақстан Республикасының оқу орындарында күндізгі оқу бөлімінде оқитын және сонымен қатар оқудан бос уақытында жұмыс істейтін;

11) жиынтық мерзімі күнтізбелік бір жыл бойы күнтізбелік бір жүз жиырма күннен аспайтын іскерлік мақсаттағы қызметтік іссапарда жүрген адамдарға қолданылмайды.

5. Осы Қағидалар мынадай шетелдік қызметкерлерге:

1) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары болып табылатын;

2) шетелдік заңды тұлғалар филиалдарының немесе өкілдіктерінің бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен ақшаға шаққанда 50 миллион АҚШ долларынан астам сома инвестицияға келісімшарт жасаған ұйымдардың бірінші басшылары және қызметтің басым түрлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын және инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт жасаған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

4) теңіз және өзен кемесінің, әуе, темір-жол және автомобиль көлігі экипажының мүшелері болып табылатын;

5) әртіс, режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, суретші, репетитор, спортшы мен жаттықтырушы болып жұмыс істейтін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында басшы және маман лауазымдарында жұмыс істейтін;

7) Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттары шеңберінде тартылатын,

ғарыштық зымыран кешенін құру және жердегі ғарыш инфрақұрылымы объектілерін пайдалану жөніндегі мамандар болып табылатын;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар жоғары білімді, ұлттық басқару холдинінде, "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамында және жарғылық капиталдарына "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдарда құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымынан төмен емес лауазымдарда жұмыс істейтін;

9) ұлттық басқару холдингінің, "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамының және жарғылық капиталдарына "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдардың директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері ретінде жұмысқа тартылатын;

10) "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамында және жарғылық капиталдарына "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамы жүз пайыз қатысатын медициналық ұйымдарда медициналық және консультативтік қызмет атқаратын;

11) жоғары білімді, дербес білім беру ұйымдарында, олардың ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Қорында" басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін;

11-1) "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дербес кластерлік қорында басшы және жоғары білімді мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін;

12) білім беру бағдарламаларын енгізу және іске асыру және (немесе) білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдер бойынша дербес білім беру ұйымдарына іссапарға жіберілген;

13) дамуы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің индустриялық-инновациялық даму саласындағы құжаттарында көзделген жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар басшылар және жоғары білімді оқытушылар лауазымдарында жұмыс істейтін;

14) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметін жүзеге асыратын, бірақ ұйым штатының 25 пайызынан аспайтын, ал халықаралық кіріктірілген білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратындар үшін ұйым штатының 50 пайызынан аспайтын;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ерекше мәртебе берілген жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы қатарындағы;

16) өз қызметін Орта Азияның өңірлік экологиялық орталығының жұмыс шарттары туралы келісімнің негізінде жүзеге асыратын Орта Азияның өңірлік экологиялық орталығында жұмыс істейтін;

17) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарттар жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларында жұмыс істейтін, сондай-ақ көрсетілген заңды тұлғалар (не олардың мердігерлері) бас мердігер, мердігер, қосалқы мердігер немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында (іздену және жобалау қызметін, инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда) көрсетілетін қызметтерді орындаушы ретінде инвестициялық қызмет объектісі пайдалануға берілгеннен кейін бір жыл өткенге дейінгі мерзімге тартатын ұйымдарда басшылар және жоғары білімі бар мамандар ретінде, сондай-ақ инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарттарда айқындалатын кәсіптер тізбесіне және санға сәйкес білікті жұмысшылар ретінде жұмыс істейтін адамдарға қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес шетелдік қызметкерлерді тарту кезінде жұмыс беруші немесе ол уәкілеттік берген адам уәкілетті органға осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақпарат ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.11.2013 N 1188 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.10.2014 № 1065 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.12.09 № 1283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру тәртібі мен шарттары

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібі

6. Рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібін айқындау мақсатында қызметкерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) бірінші санат – бірінші басшылар және олардың орынбасарлары;

2) екінші санат – басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

3) үшінші санат – басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар;

4) төртінші санат – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар.

7. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылатын, бұрын берілген және берілетін рұқсаттардың саны тиісті күнтізбелік жылға бөлінген квотаның мөлшерінен аспауға тиіс.

8. Уәкілетті органның жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беруі мынадай арақатынас сақталған жағдайда жүзеге асырылады:

1) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының саны бірінші және екінші санатқа жататын қызметкерлердің тізімдік санының 70 %-ынан кем болмауға тиіс;

2) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының саны үшінші және төртінші санатқа жататын қызметкерлердің тізімдік санының 90 %-ынан кем болмауға тиіс.

Кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты жұмыс беруші осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға ұсынады

Осы тармақ мыналарға:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;

2) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға;

3) басым жобалар мен шығу елдері бойынша квоталар шегінде, арнайы экономикалық аймақтың аумағында, сондай-ақ шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға;

4) корпоративішілік ауыстыру шеңберінде берілетін рұқсаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9. Қарашығанақ, Солтүстік Каспий және Теңіз жобаларының жер қойнауын пайдаланушыларына, сондай-ақ олардың операторларына, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарына (қосалқы мердігерлердің өздері тартатын ұйымдарды қоспағанда) қатысты, кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру бойынша бағдарламасы және олардың көрсетілген жобаларға қатысуын растайтын мына құжаттардың бірі:

1) жер қойнауын пайдалану келісімшартынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі);

2) бірлескен қызмет туралы шарттан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі);

3) қызметтер көрсету шартынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме (көшірмесі) болған жағдайда, осы Қағидалардың 8-тармағы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылмайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 294 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу үшін жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша уәкілетті органға осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес құжаттарды қоса отырып, осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Осы Қағидалардың 10, 16, 34, 36, 49-тармақтарында көзделген құжаттар толық көлемде берілмеген және (немесе) белгіленген нысан бойынша толтырылмаған жағдайда, уәкілетті органның қызметкері олар келіп түскен

күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады және жұмыс берушіге құжаттарды қабылдаудан бас тартылғаны туралы (берілмеген және (немесе) белгіленген нысан бойынша толтырылмаған құжаттарды көрсете отырып) жазбаша негіздеме береді.

Уәкілетті органның қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде қабылданған құжаттардың тізбесін көрсете отырып қолхат береді.

Ескерту. 11-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Жұмыс күшіне деген сұранысты ішкі еңбек нарығы есебінен қанағаттандыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат береді.

13. Ішкі еңбек нарығында тиісті кандидатураларды іздестіруді жұмыс беруші "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтерді шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша уәкілетті органға жіберу арқылы жүзеге асырады.

Уәкілетті орган біліктілікке сай келетін кандидатураларды жұмыс іздеп келген және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан іздестіруді жүзеге асырады.

Уәкілетті орган жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтінішін қабылдауды бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтер берілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң және күнтізбелік алпыс күннен асырмай жүзеге асырады.

Осы тармақтың әрекеті шетелдік жұмыс күшін, сондай-ақ этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар қатарынан арнайы экономикалық аймақ аумағына тартатын жұмыс берушілерге қолданылмайды.

РҚАО-ның ескертпесі!

13-тармақтың бесінші абзацы 01.01.2021 дейін қолданылады - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 қаулысымен.

Шетелдік қызметкерлерді корпоратившілік ауыстыру шеңберінде тартқан кезде ішкі еңбек нарығында тиісті кандидатураларды іздестіру осы Қағидалардың 61-8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз қызметкерлерін жұмыстарды

орындау, қызметтерді көрсету үшін келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасына жіберген жағдайда, олардың рұқсат алуына қатысты құжаттарды ресімдеуді пайдасына жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін заңды тұлға (оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға) жүзеге асырады.

15. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту кезінде ерекше шарттарда мынадай талаптар көзделген:

1) уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын кәсіптік даярлау;

2) уәкілетті орган бекіткен тізімге сәйкес өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын қайта даярлау;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының біліктілігін арттыру;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қосымша жұмыс орындарын құру.

16. Шетелдік қызметкерді:

екінші немесе үшінші санат бойынша тартқан кезде жұмыс беруші осы Қағидалардың 15-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген шарттардың біреуін немесе бірнешеуін тандайды;

төртінші санат бойынша тартқан кезде жұмыс беруші осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 4) тармақшаларында көзделген шарттардың біреуін немесе бірнешеуін тандайды.

Ерекше шарттар тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санатына қарай көзделеді.

Жұмыс берушімен рұқсат берудің ерекше шарттарын келісу осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіптік даярлануға және (немесе) қайта даярлауға және (немесе) біліктілігін арттыруға тиіс Қазақстан Республикасы азаматтарының саны мен (немесе) құрылатын қосымша жұмыс орындарының саны шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттардың санына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың:

осы Қағидалардың 15-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуге тиіс;

осы Қағидалардың 15-тармағының 1) тармақшасында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде басталуға тиіс.

18. Мыналарға:

1) шетелдік қызметкерлер қатарындағы:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіші" 05-2008 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне енгізілмеген кәсіптер немесе мамандықтар бойынша жұмыс істейтін;

этникалық қазақтар немесе бұрынғы отандастар болып табылатын;

бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары болып жұмыс істейтін адамдарға;

2) жұмыс берушілер қатарындағы:

кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту бағдарламасын іске асыратын және Қазақстан Республикасы азаматтарын жалдау, даярлау және шетелдік персоналды қысқарту бойынша міндеттемелері бар;

технологиялық жабдықты іске қосу, баптау және монтаждау бойынша жұмыстарды орындайтын мердігерлерді қоса алғанда, 2015 – 2019 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасының тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыруға қатысатын;

"Өнімділік 2020" бағдарламасын іске асыруға қатысатын, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға мемлекеттік қолдау көрсету бойынша оң шешім алған;

шетелдік жұмыс күшін басым жобалар және шығу елдері бойынша квота шегінде тартатын;

шетелдік жұмыс күшін шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктеріне тартатын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері немесе мемлекеттік кәсіпорындары болып табылатын жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды қайта ресімдеу кезінде, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе ұзарту кезінде ерекше шарттар көзделмейді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар:

1) екінші және үшінші санаттар үшін – он екі ай мерзімге екі реттен асырмай ұзартумен он екі айға;

2) төртінші санат және маусымдық шетелдік қызметкерлер үшін – ұзарту құқығынсыз он екі айға дейінгі мерзімге беріледі.

20. Шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсат шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, жұмыс берушілерге үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсатты ұзарту жыл сайын он екі ай мерзімге жүргізіледі.

Шетелдік жұмыс күшін бірінші санат бойынша тартуға арналған рұқсат шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жұмыс берушілерге екі реттен асырмай ұзартумен, он екі ай мерзімге беріледі.

21. Шетелдік жұмыс күшін басым жобалар бойынша квота шегінде тартуға арналған рұқсат оның іске асырылу мерзіміне беріледі.

22. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру не оны беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган құратын Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ұсынымы бойынша уәкілетті орган жұмыс берушінің құжаттарын қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

23. Комиссияның құрамына міндетті түрде ішкі істер органдарының, білім беру саласындағы органның және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның өкілдері енгізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Комиссияның отырысына жұмыс берушінің өкілдері қатыса алады. Уәкілетті орган отырыс өтетін күннен кемінде үш жұмыс күні бұрын отырыстың өтетін күні, уақыты және орны туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсына орналастырады.

25. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру не беруден бас тарту, ұзартудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде жұмыс берушіге оны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы немесе жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруден бас тарту не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес оның негіздерін көрсетеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы хабарламаны алғаннан кейін уәкілетті органға жиырма жұмыс күні ішінде рұқсаттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан кетуіне кепілдік беретін құжаттарды (банк пен жұмыс беруші арасындағы шарттың, жұмыс берушінің банк шотына кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттың) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде ұсынады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде жұмыс берушіге рұқсат береді.

Жұмыс беруші үш жұмыс күні өткен соң рұқсат алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Уәкілетті орган берген рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды, жұмыс берушінің рұқсат алған шетелдік қызметкерлерді басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге іссапарға жіберуін қоспағанда, ол тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

Шетелдік қызметкерлерді іссапарға жіберген кезде жұмыс беруші шетелдік қызметкерлердің тіркелген жеріндегі және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына келген жеріндегі ішкі істер органдарын жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат берілген шетелдік қызметкер жұмыс орнына келмеген немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда, осы кәсіп үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде басқа шетелдік қызметкерге бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімінің қалған кезеңіне осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа нөмір бере отырып, бұрын алынған рұқсатты қайта ресімдеуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте жұмыс беруші осы Қағидаларда көзделген құжаттарды ұсынады. Бастапқыда берілген рұқсат уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

35. Уәкілетті орган бұрын берілген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты басқа шетелдік қызметкерге қайта ресімдеу туралы шешімді құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

36. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту үшін рұқсаттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін кемінде жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде уәкілетті органға мынадай құжаттар жіберіледі:

1) өтініш;

2) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарының (олар болған жағдайда) орындалуы туралы ақпарат;

3) кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

4) рұқсаттың мерзімін ұзарту негіздемесі;

5) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

37. Уәкілетті орган берілген құжаттардың негізінде құжаттар қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган оң шешім қабылдаған жағдайда шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат он екі айға ұзартылады, бұл ретте рұқсаттың қолданылу мерзімі бұрын берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күні басталады.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37-1. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс берушіге рұқсатты не рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы хабарламаны қағаз түрінде жібереді.

Жұмыс беруші рұқсатты ұзарту туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң рұқсат алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

Ескерту. Қағидалар 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат:

1) бөлінген квота мөлшерінен асқан;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған жағдайда;

3) жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін рұқсатсыз тарту фактісі анықталған жағдайда. Мұндай жағдайда осындай факті анықталған күннен бастап он екі ай бойы жаңа рұқсаттар берілмейді;

4) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттары (олар болған жағдайда) орындалмаған жағдайларда;

5) шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіптік даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (стажы) Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы мен Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің біліктілік анықтамалығына сәйкес жұмысшылардың кәсіптері мен басшылардың, мамандар мен қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда берілмейді және ұзартылмайды.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған қолданыстағы рұқсаттарды кері қайтарып алуды:

1) шетелдік қызметкерді рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша тартқанда. Бұл ретте жұмыс берушіге кері қайтарылған рұқсатта көрсетілген кәсіп немесе мамандық бойынша рұқсат беру кері қайтару күнінен бастап алты ай бойы жүргізілмейді;

2) жұмыс беруші осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған жағдайларда;

3) жұмыс беруші өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарын (олар болған жағдайда) орындамаған жағдайларда жүргізеді.

40. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат:

1) берілген мерзімі аяқталған;

2) рұқсат кері қайтарылған;

3) жұмыс беруші – жеке тұлға өз қызметін тоқтатқан, жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған;

4) осы Қағидалардың 34-тармағында көзделген;

5) жұмыс беруші рұқсатты уәкілетті органға өз еркімен қайтарған;

6) жұмыс беруші осы Қағидалардың 27-тармағында белгіленген мерзімде шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан кетуіне кепілдік беретін құжаттарды ұсынбаған жағдайларда қолданылуын тоқтатады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Әрбір басым жоба бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат берудің шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Басым жоба бойынша квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды аумағында басым жоба орындалатын әкімшілік-аумақтық бірліктің уәкілетті органы береді.

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібі

47. Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған адамдардың тізбесіне кіретін шетелдік қызметкерлерге уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты үш жылға дейінгі мерзімге береді немесе ұзартады.

48. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға берілетін рұқсат бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылады.

49. Шетелдік қызметкер не ол уәкілеттік берген адам жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты алу немесе ұзарту үшін еңбек қызметін жүзеге асыратын жеріндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өтініш береді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Уәкілетті орган шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты берген немесе ұзартқан кезде ерекше шарттар көзделмейді.

51. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты беру немесе ұзарту не беруден немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

52. Уәкілетті орган шетелдік қызметкерге қабылданған шешім туралы ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.

53. Шетелдік қызметкер хабарлама алғаннан кейін жиырма жұмыс күні ішінде уәкілетті органға рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оның

Қазақстан Республикасынан кетуіне кепілдік беретін құжаттарды (банк пен қызметкердің арасындағы шарттың, қызметкердің банк шотына кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін) ұсынады.

54. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 53-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты береді.

Шетелдік қызметкер үш жұмыс күні ішінде жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, шетелдік қызметкердің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

55. Шетелдік қызметкер жұмысқа орналасуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жұмыс берушісін өзгерткен жағдайда, ол жаңа еңбек шартын жасау күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органға жазбаша хабарлауға тиіс.

56. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсат:

1) мәлімдеген кәсібі немесе мамандығы шетелдік қызметкерлердің Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған кәсіптердің (мамандықтардың) тізбесінде болмаған;

2) бөлінген квотаның мөлшерінен асқан жағдайларда берілмейді;

3) шетелдік қызметкердің білім деңгейі (кәсіптік даярлығы) және практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы мен Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің біліктілік анықтамалығына сәйкес жұмысшылардың кәсіптеріне және басшылардың, мамандар мен қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда берілмейді.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсат:

1) берілген мерзімі аяқталған;

2) рұқсат кері қайтарылған;

3) шетелдік қызметкер рұқсатты уәкілетті органға өз еркімен қайтарған;

4) шетелдік қызметкер осы Қағидалардың 53-тармағында белгіленген мерзімде онын кетуіне кепілдік беретін құжаттарды ұсынбаған жағдайларда қолданылуын тоқтатады.

58. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсаттың қолданысын ұзарту жалпы мерзімі бес жылдан аспайтын мерзімге екі ретке дейін жүргізіледі.

59. Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты ұзарту бөлінген квотаның мөлшерінен асқан жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес уәкілетті органға хабарламай жұмыс берушісін өзгерткен жағдайда жүзеге асырылмайды.

60. Шетелдік қызметкердің еңбек қызметін жұмысқа орналасуға арналған рұқсатта көрсетілгенге сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша жүзеге асыру, сондай-ақ осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес уәкілетті органға хабарламай жұмыс берушісін өзгерту жағдайы анықталған кезде уәкілетті орган шетелдік қызметкерге он жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлай отырып, жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты кері қайтаруды жүргізеді.

Бұл ретте шетелдік қызметкерге кері қайтару күнінен бастап он екі ай бойы жұмысқа орналасуға арналған рұқсат берілмейді.

61. Кепілдік жарнаны енгізу еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру және оларды ұзарту шарттары мен тәртібі

Ескерту. 2-бөлім кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61-1. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тарту осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес экономика секторларында жүзеге асырылады.

61-2. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат алу үшін жұмыс беруші "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметі жүзеге асырылатын жердегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

61-3. Шетелдік заңды тұлғаның үлестес тұлғасының шетелдік жұмыс күшін тартуы корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру және оларды ұзарту үшін белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

61-4. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тарту шарттарын айқындау мақсатында қызметкерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) басшылар – корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыратын заңды тұлға шегінде жоғары лауазымдарды атқаратын:

ұйымды тікелей басқаруды жүзеге асыратын;
ұйымның мақсаттары мен саясатын айқындайтын;
шешімдер қабылдауға кең өкілеттіктері бар;

директорлар кеңесінен немесе ұйым акционерлерінен тек жалпы нұсқаулар алатын;

ұйымға тікелей қызметтер көрсетумен байланысты міндеттерді орындамайтын адамдар;

2) менеджерлер – корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыратын заңды тұлға шегінде жоғары лауазымдарды атқаратын, кәсіптік біліктілік деңгейі жоғары және тиісті салада менеджер позициясындағы жұмыс тәжірибесі бар адамдар және олар:

ұйымды, ұйымның департаментін немесе басқармасын басқарады;

басқа басшы кәсіптік немесе әкімшілік қызметкерлердің жұмысына басшылық етеді және бақылайды;

персоналды жұмысқа алуға және жұмыстан босатуға, жұмысқа алуға, жұмыстан босатуға ұсыныс жасауға және басқа да іс-қимыл жасауға құқығы бар;

жоғары тұрған басшылардан, директорлар кеңесінен немесе ұйым акционерлерінен тек жалпы нұсқаулықтар немесе нұсқау алады.

Қызметтер көрсету үшін қажетті функцияларды тікелей жүзеге асыратын қызметкерлер аталған санатқа қосылмайды;

3) мамандар – корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыратын заңды тұлға шегінде жоғары лауазымдарды атқаратын, жоғары деңгейдегі арнайы және (немесе) бірегей білімі мен дағдылары, белгілі бір салада немесе ғылымда ұйымның бейіні бойынша қызметтер көрсету, ғылыми-зерттеу жабдығын, озыңқы технологиялар мен техниканы, оларды басқару әдістерін қолдану үшін қажетті айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар адамдар. Осындай білім мен дағдыларды бағалау кезінде ұйымның бейіні бойынша кәсіптік білімінің болуын ғана емес, сондай-ақ жұмыс түрлеріне немесе ұйымның қызметіне сәйкес келетін , арнайы техникалық білімдерді талап ететін жоғары деңгейдегі біліктілігін, оның ішінде тиісті аккредиттелген кәсіптік қауымдастықтардағы мүшелігін ескерген жөн.

61-5. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тартуға арналған рұқсат басшыда, менеджерде және маманда Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының

аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін, шеңберінде корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлғада кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы және шетелдік қызметкерлердің Қазақстан Республикасында қолданылатын Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келуі шартымен беріледі.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын басшылар мен менеджерлердің лауазымдары Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес басшылар лауазымдары үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын мамандардың лауазымдары Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандар лауазымдары үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

61-6. Шетелдік қызметкерді басшылар лауазымдарына тартқан кезде Қазақстан Республикасы азаматтарының санына қатынасын сақтау жөніндегі талаптар қолданылмайды.

61-7. Менеджерлер мен мамандарды корпоративішілік ауыстыру еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын шетелдік қызметкерлер санының қазақстандық кадрлар санына пайыздық қатынасының сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

61-8-тармақ 01.01.2021 дейін қолданылады - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 қаулысымен.

61-8. Ішкі еңбек нарығында менеджер және маман лауазымдарына тиісті кандидатураларды іздестіруді жұмыс беруші "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) туралы мәліметтерді рұқсат беру не оны

ұзарту туралы өтініш берілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын және күнтізбелік алпыс күннен асырмай шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметі жүзеге асырылатын жердегі уәкілетті органға жіберу арқылы жүзеге асырады.

Осы тармақ шетелдік қызметкерді басшы санатына тартқан кезде, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған бұрын берілген рұқсатты ұзартқан кезде қолданылмайды.

61-9. Уәкілетті орган рұқсаттарды берген кезде жұмыс берушімен келісу бойынша оған мынадай ерекше шарттарды жүктейді:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын тартылатын шетелдік қызметкердің мамандығы бойынша кәсіптік даярлау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарын тартылатын шетелдік қызметкердің мамандығы бойынша қайта даярлау;

3) тартылатын шетелдік қызметкердің мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының біліктілігін арттыру;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін шетелдік жұмыс күші тартылатын лауазымдарға сәйкес келетін қосымша жұмыс орындарын құру.

61-10. Мыналарды корпоративішілік ауыстыру кезінде:

1) менеджерді – жұмыс беруші осы Қағидалардың 61-9-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген шарттардың бірін таңдайды;

2) маманды – жұмыс беруші осы Қағидалардың 61-9-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген шарттардың бірін таңдайды.

Кәсіптік даярлануға және (немесе) қайта даярлауға және (немесе) біліктілігін арттыруға тиіс Қазақстан Республикасы азаматтарының саны және (немесе) құрылатын қосымша жұмыс орындарының саны шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттардың санына сәйкес келуге тиіс.

61-11. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың:

1) осы Қағидалардың 61-9-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген ерекше шарттарын орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі;

2) осы Қағидалардың 61-9-тармағының 1) тармақшасында көзделген ерекше шарттарды орындау рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде басталады.

61-12. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар еңбек шартында көрсетілген ауыстыру мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, кемінде бір рет он екі айға ұзарту құқығымен беріледі.

61-13. Құжаттар толық көлемде берілмеген және (немесе) осы Қағидаларға 13 және 14-қосымшаларда көзделген белгіленген нысан бойынша толтырылмаған жағдайда, уәкілетті органның қызметкері олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады және жұмыс берушіге құжаттарды қабылдаудан бас тартылғаны туралы (берілмеген және (немесе)

белгіленген нысан бойынша толтырылмаған құжаттарды көрсете отырып) жазбаша негіздеме береді.

Құжаттарды қабылдаған кезде уәкілетті органның қызметкері қабылданған құжаттардың тізбесін көрсете отырып қолхат береді.

61-14. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді осы Қағидалардың 22, 23, 24 және 25-тармақтарына сәйкес құрылатын Комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті орган шығарады.

61-15. Уәкілетті орган корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы шешім шығарған кезде уәкілетті орган рұқсатты "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы береді не рұқсат беру туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң жұмыс беруші рұқсатты алуға келмеген жағдайда пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарлама ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

Уәкілетті орган рұқсат беруден бас тарту туралы шешім шығарған кезде уәкілетті орган осы Қағидалардың 61-17-тармағына сәйкес негіздемелерді көрсете отырып, "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы хабарлама жібереді не пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарлама ала отырып, хабарламаны жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

61-16. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартқан кезде шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан кетуіне кепілдік беретін құжаттар уәкілетті органға берілмейді.

61-17. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат мынадай:

1) жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын шетелдік қызметкерлер санының қазақстандық кадрлар санына пайыздық қатынасын сақтамаған;

РҚАО-ның ескертпесі!

2) тармақша 01.01.2021 дейін қолданылады - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 қаулысымен.

2) ішкі еңбек нарығында тиісті ұсыныстар болған;

3) жұмыс берушінің шетелдік қызметкерлерді рұқсатсыз тарту фактісі анықталған. Мұндай жағдайда осындай факті анықталған күннен бастап он екі ай бойы жаңа рұқсаттар берілмейді;

4) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі басталған ерекше шарттары (бар болса) орындалмаған;

5) шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіптік даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) осы Қағидалардың 61-5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеген;

б) шетелдік қызметкерді рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша тартқан жағдайларда берілмейді немесе ұзартылмайды. Бұл ретте осындай факті анықталған күннен бастап алты ай ішінде жұмыс берушіге рұқсатта көрсетілген кәсіп немесе мамандық бойынша рұқсат беру жүргізілмейді.

61-18. Уәкілетті орган берген рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды, ол жұмыс берушінің рұқсат алған шетелдік қызметкерлерді басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге іссапарға жіберуін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

Шетелдік қызметкерлерді іссапарға жіберген кезде жұмыс беруші шетелдік қызметкерлердің тіркелген жердегі және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына келген жердегі ішкі істер органдарын жазбаша түрде хабардар етеді.

61-19. Осы Қағидаларға 14-қосымшаның 4-тармағында көзделген құжаттармен расталған шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілген шетелдік қызметкер жұмыс орнына келмеген немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін онымен еңбек шарты бұзылған жағдайда, ол осы кәсіп үшін белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде бұрын берілген рұқсатты жаңа нөмір бере отырып, басқа шетелдік қызметкерге қайта ресімдеуге жол беріледі.

Қайта ресімделген рұқсат бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге беріледі.

61-20. Уәкілетті орган бұрын берілген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты басқа шетелдік қызметкерге қайта ресімдеу туралы шешімді құжаттар қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

61-21. Рұқсатты ұзарту туралы шешімді уәкілетті орган жүзеге асырады.

61-22. Жұмыс беруші рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жиырма жұмыс күні бұрын "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз түрінде уәкілетті органға мыналарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жұмыс берушімен (Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекеттің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін заңды тұлғамен) жасалған еңбек шартының нотариат куәландырған аудармасы (мемлекеттік және орыс тілдерінде);

3) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі басталған ерекше шарттарының (бар болса) орындалуы туралы ақпарат;

4) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

5) рұқсаттардың мерзімін ұзарту негіздемесі.

61-23. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың негізінде құжаттар қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган оң шешім қабылдаған жағдайда, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат он екі айға ұзартылады, бұл ретте рұқсаттың қолданылу мерзімі бұрын берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күні басталады.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган осы Қағидалардың 61-17-тармағына сәйкес оның негіздемелерін көрсетеді.

61-24. Уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс берушіге рұқсатты не рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы хабарламаны қағаз түрінде жібереді.

Жұмыс беруші рұқсатты ұзарту туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң рұқсатты алуға келмеген жағдайда, уәкілетті орган пошталық жөнелтілімді алу туралы хабарламаны ала отырып, рұқсатты жұмыс берушінің тіркелген мекенжайы бойынша пошта арқылы жібереді.

61-25. Уәкілетті орган мынадай:

1) шетелдік қызметкер рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша тартылған;

2) жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын шетелдік қызметкерлер санының қазақстандық кадрлар санына пайыздық қатынасын сақтамаған. Мұндай жағдайда осындай факті анықталған күннен бастап он екі ай бойы жаңа рұқсаттар берілмейді.

3) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі басталған ерекше шарттары (бар болса) орындалмаған жағдайларда корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған қолданыстағы рұқсатты кері қайтарып алуды жүргізеді.

3. Қорытынды ережелер

62. Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда жұмыс беруші немесе шетелдік қызметкер оған сот тәртібімен шағымдана алады.

63. Еңбек жөніндегі уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында осы Қағидаларды бұзуға жол берген заңды және жеке тұлғалардың тізбесін орналастырады.

Уәкілетті органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей еңбек жөніндегі уәкілетті органға көрсетілген заңды және жеке тұлғалардың тізбесін мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастыру үшін жібереді.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

64. Рұқсаттың түпнұсқасы жоғалған немесе бүлінген жағдайларда рұқсатты қалпына келтіру уәкілетті органның телнұсқа беруі арқылы жүргізіледі.

Рұқсаттардың жоғалған, бүлінген бланкілері жұмыс беруші немесе шетелдік қызметкер жоғалуына, бүлінуіне себеп болған жағдайларды көрсете отырып, уәкілетті органға телнұсқасын беру туралы өтініш берген күннен бастап жарамсыз болып есептеледі.

Уәкілетті орган өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және "Телнұсқа" деген жазу жаза отырып, тиісті рұқсаттың телнұсқасын беруді жүргізеді.

65. Шетелдік қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы өзгерген жағдайда, бұрын берілген жұмысқа орналасуға және шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты қайта ресімдеуге рұқсат етіледі.

Шетелдік қызметкер немесе жұмыс беруші шетелдік қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы өзгерген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсатты қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып, рұқсатты қайта ресімдейді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

66. Жұмыс беруші – Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бірігу, қосылу, бөліну немесе қайта құрылу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ оның атауы немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатта көрсетілген

деректемелері өзгерген жағдайда, бұрын берілген рұқсатты қайта ресімдеуге рұқсат етіледі.

Жұмыс беруші қайта ұйымдастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесін қоса отырып, рұқсатты қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Уәкілетті орган өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып, рұқсатты қайта ресімдейді.

67. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар алған жұмыс берушілер немесе жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты алған шетелдік қызметкерлер жұмыс істейтін жұмыс берушілер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде уәкілетті органға ведомстволық статистикалық есептілікті ұсынады;

2) шетелдік қызметкерлермен жасалатын еңбек шарттарында Қазақстан Республикасының көші-қон және еңбек заңнамасын сақтауға бағытталған талаптарды енгізеді.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

68. Уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту және шетелдік қызметкерлерді жұмысқа орналастыру бойынша есепті еңбек жөніндегі уәкілетті органға ай сайын ұсынады.

Ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р г е	ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а	ж әне	ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е	ш е т е л д і к	ж ұ м ы с
к ү ш і н	т а р т у ғ а	р ұ қ с а т
қ а ғ и д а л а р ы	м е н	б е р у д і ң
1-қосымша		ш а р т т а р ы н а

Қазақстан Республикасында шетелдік қызметкерлердің өз бетінше жұмысқа орналасуына арналған кәсіптердің (мамандықтардың) тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Кәсіптердің (мамандықтардың) атауы
1	2
1.	А н т р о п о л о г

1-1.	Деректер	қорының	(ақпараттық)	әкімшісі
2.	Жүйелік			сәулетші
3.	Астроном			
4.	Балерина			
5.	Драмалық,	лирикалық-драмалық		сопрано
6.	Драмалық,	лирикалық-драмалық		тенор
7.	Аудио-бейнемонтаж			инженері
8.	Кинотаспаны	дайындаушы		инженер
9.	Теңіз жабдықтарын	жүйелік	басқару	жөніндегі инженер
10.	Теңіз құбырларын	салу	жөніндегі	инженер
11.	Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау бойынша бақылаушы - инженер			
12.	Климатолог			
13.	Мұражайтанушы			
14.	Жасаушы бағдарламашы	(Computer Science),	(Software Design Engineer)	
15.	Жоғарғы оқу орындарының	ғылыми	дәрежесі бар	оқытушылары
16.	Радиоастроном			
17.	Ақпараттық технология	және	электроника	саласындағы маман
18.	Электротехника	және	электрондық инженерия	саласындағы маман
19.	Анимация	және	компьютерлік графика	жөніндегі маман
20.	Ғарыш аппараттарын	баллистикалық	қамтамасыз ету	жөніндегі маман
21.	Ғарыш аппараттарының	борттық	жүйелері	жөніндегі маман
22.	Ұшу	қауіпсіздігі	жөніндегі	маман
23.	Бутафория	жасау	жөніндегі	маман

24.	Компьютерлік	арнайы	эффектілер	жөніндегі	маман
25.	Авиациялық	нормативтер	мен	жарияланымдарды	бақылау жөніндегі маман
25-1.	Жүйелік				талдаушы
26.	Теңіз	құбырлары		жөніндегі	маман
27.	Әуе	салонының	жолаушылар	салонын	жабдықтау жөніндегі маман
28.	Ұшуды	ұйымдастыру		жөніндегі	маман
29.	Техникалық	оқыту	және	стандарттар	жөніндегі маман
30.	Теңіз	құрылыстары		жөніндегі	супервайзер
31.	Цифрлық	техниканы	жасау	жөніндегі	маман

Шетелдік қызметкерге жұмысқа
орналасуға және жұмыс
берушілерге шетелдік жұмыс
күшін тартуға рұқсат берудің
қағидалары мен шарттарына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(рұқсат беруші органның толық атауы)

**Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс
күшін тартуға арналған
РҰҚСАТ**

№ __ 20 __ ж. " __ " _____

Жұмыс беруші _____

(заңды тұлға үшін: атауы, мекенжайы,

тіркеу нөмірі, тіркелген күні; БСН;

жеке тұлға үшін: Т.А.Ә., ЖСН, үйінің мекенжайы)

Рұқсаттың қолданылатын аумағы (аумақтары)

Шетелдік қызметкер

(Т.А.Ә., санаты, лауазымы/кәсібі)

(паспорт/жеке куәлік №, берілген күні және берген орган)

Жұмыс істеу әдісі (тұрақты, вахталық)

Рұқсат берудің негіздемесі

Рұқсаттың қолданылу мерзімі бастап дейін
(күні, айы, жылы) (күні, айы, жылы)

М.О. қолы

(тегі, аты-жөні)

Шетелдік
орналасуға
берушілерге
күшін
қағидалары
3-қосымша

тартуға

қызметкерге
және
шетелдік
рұқсат
мен

жұмысқа
жұмыс
жұмыс
берудің
шарттарына

(рұқсат беруші органның толық атауы)

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған РҰҚСАТ

№ ___ 20__ ж. " __ " _____

Шетелдік қызметкер

(Т.А.Ә.)

(паспорт/жеке куәлік №, берілген күні және берген орган)

Шетелдік қызметкер жұмысқа орналасатын лауазымның (кәсіптің) атауы

Рұқсаттың қолданылатын аумағы (аумақтары) _____

Жұмыс істеу әдісі (тұрақты, вахталық) _____

Рұқсат берудің негіздемесі _____

Рұқсаттың қолданылу мерзімі _____ бастап _____ дейін
(күні, айы, жылы) (күні, айы, жылы)

М.О. қолы _____

(тегі, аты-жөні)

Ш е т е л д і к қ ы з м е т к е р г е ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ж әне ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е ш е т е л д і к ж ұ м ы с
к ү ш і н т а р т у ғ а р ұ қ с а т б е р у д і қ
к а ғ и д а л а р ы м е н ш а р т т а р ы н а
4-қосымша

(облыстың, Астана, Алматы қалаларының атауы)

жұмыспен қамтуды үйлестіру және

әлеуметтік бағдарламалар басқармасына

Осы Қағидалар қолданылмайтын шетелдік қызметкерлер туралы ақпарат

Р/ с №	Шетелдік қызметкерлердің Т.А.Ә.	Келген мемлекеті және азаматтығы	Жеке басын қуәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні	Білімі	Ұйымдағы лауазымы орындайтын жұмысы)	Кәсібі, (мамандығы бойынша жұмыс стажы
1	2	3	4	5	6	7

Жұмыс беруші _____

(қолы, Т.А.Ә., лауазымы)

М.О.

Ш е т е л д і к қ ы з м е т к е р г е ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ж әне ж ұ м ы с

берушілерге
күшін
қағидалары
5-қосымша

тартуға

шетелдік
рұқсат
мен

жұмыс
берудің
шарттарына

Кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпараттың нысаны

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №		Жұмыс берушінің қызметкерлерінің саны, адам		Тарту жоспарланған шетелдік жұмыс күшінің саны, адам	3 баған + 5 баған	4 баған + 5 баған	Шетелдік жұмыс күшінің қызметкерлердің жалпы санына қатысты %, 7 баған/6 баған * 100 %
		Барлығы	оның ішінде шетелдік жұмыс күші				
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1 және 2 санат						
2	3 және 4 санат						
3	БАРЛЫҒЫ						

Ескертпе: шетелдік қызметкер 4-бағанда есепке алынған жағдайда, онда ол 5-бағанда есепке алынбайды.

Жұмыс беруші: _____

(қолы, тегі, аты-жөні, лауазымы)

М.О.

Шетелдік
орналасуға
берушілерге
күшін
қағидалары
6-қосымша

тартуға

қызметкерге
және
шетелдік
рұқсат
мен

жұмысқа
жұмыс
жұмыс
берудің
шарттарына

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(облыстың, Астана, Алматы қалаларының атауы)

жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар басқармасына
кімнен _____
(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

_____ облысына (қаласына) _____ адамға, оның ішінде:
бірінші санат бойынша - _____ адамға,
олардың ішінде лауазымдары
(кәсіптері) бойынша: _____

_____ екінші санат бойынша - _____ адамға,
олардың ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____

_____ үшінші санат бойынша - _____ адамға,
олардың ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____

_____ төртінші санат бойынша - _____ адамға,
олардың ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____
маусымдық жұмыстарға - _____ адамға шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат
беруді /мерзімін ұзартуды/ (қажеттінің асты сызылады) сұраймын.
Жұмыс беруші туралы мәліметтер:
Жұмыс берушінің атауы: _____

_____ Меншік нысаны _____

_____ Құрылған күні _____ жылғы " _____ " _____
Қазақстан Республикасы әділет органдарында тіркелу туралы куәлік

_____ (нөмірі, кім және қашан берген)
ЖСН _____, БСН _____
Жүзеге асыратын қызмет түрі _____
Мекенжайы, телефоны, факс _____

Қоса берілетін құжаттар: _____

—

—

—

Шетелдік жұмыс күшін тарту қажеттілігінің негіздемесі (оның ішінде бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікке):

—

—

Шетелдік қызметкерлер Қазақстан Республикасындағы қызметін филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның қызметкері болып табылған жағдайда, онда шетелдік заңды тұлға - жұмыс беруші туралы мынадай деректер толтырылады:

Шетелдік заңды тұлға - жұмыс берушінің толық атауы: _____

—

Резидент еліндегі тіркеу туралы деректер _____

—

(№, мемлекеттік тіркеу күні және тіркеу органының атауы)

Резидент елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның баламасы

—

Жүзеге асырылатын қызмет түрі _____

Резидент елдегі мекенжайы, телефоны _____

—

"Қолданыстағы Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарымен таныстым".

Басшы _____

—

(қолы, тегі, аты-жөні, лауазымы)

20__ ж. "___" _____

М.О.

(жауапты тұлғаның тегі, аты-жөні, қолы)

Ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р г е	ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а	ж әне	ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е	ш е т е л д і к	ж ұ м ы с
к ү ш і н	т а р т у ғ а	р ұ қ с а т
к а ғ и д а л а р ы	м е н	б е р у д і ң
7-қосымша		ш а р т т а р ы н а

Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу үшін ұсынылатын құжаттар

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 467 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі келген ерекше шарттарының (олар болған жағдайда) орындалуы туралы ақпарат.

2. Тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде латын әріптерімен), туған күні мен жылы, азаматтығы, паспортының (жеке басын куәландыратын құжаттың) нөмірі, берілген күні және берген орган, тұрақты тұратын елі, шыққан елі, білімі, орталық атқарушы орган бекітетін Қазақстан Республикасында қолданылатын Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандығының, біліктілігінің (лауазымының) атаулары көрсетіле отырып, тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер.

3. Тартылатын шетелдік қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған, сканермен көшірілген аудармалары (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған болса, көшірмелері);

2) оның бұрын істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісінде жазылған қызметкердің еңбек қызметі туралы жазбаша растауы қоса берілген қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс стажы жөнінде біліктілік талаптары болған кезде) немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттардың сканермен көшірілген түрі.

4. Шетелдік жұмыс беруші мен тартылатын шетелдік қызметкер арасында жасалған еңбек шартының (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен) сканермен көшірілген нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер шетелдік қызметкер осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес тартылса).

5. Жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге арналған келісімшарттың сканермен көшірілген (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен) нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер шетелдік қызметкер осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес тартылса).

6. Кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат.

7. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 844 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Белгіленген нысаны бойынша рұқсат берудің ерекше шарттарын келісу.

Мыналарды:

1) осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген жағдайларда осы қосымшаның 1-тармағында көзделген;

2) маусымдық шетелдік қызметкерлер тартылған жағдайда осы қосымшаның 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р г е	ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а	ж әне	ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е	ш е т е л д і к	ж ұ м ы с
к ү ш і н	т а р т у ғ а	р ұ қ с а т
қ а ғ и д а л а р ы	м е н	б е р у д і ң
8-қосымша		ш а р т т а р ы н а

Жұмыс берушімен рұқсат берудің ерекше шарттарын келісу нысаны

Р/ с №	Тартылатын шетелдік қызметкерлердің	Жұмыс берушінің өтінішіне сәйкес тартылатын шетелдік қызметкерлердің	Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлау, қайта даярлау біліктілігін арттыру, жүргізілетін кәсіп (мамандық) және (немесе)	Ерекше шарттарды орындау
--------------	-------------------------------------	--	--	--------------------------

	Т. А. Ә.	санаты, кәсібі (мамандығы)	(құрылатын жұмыс орындарының саны көрсетілген ерекше шарттардың атауы)	мерзімі
1	2	3	4	5

Келісілді:

— (уәкілетті органның атауы) (жұмыс берушінің атауы)

— (қолы, тегі, лауазымы) (қолы, тегі, лауазымы)

20 ___ ж. " ___ " _____ 20 ___ ж. " ___ " _____

М.О. М.О.

Ш е т е л д і к қ ы з м е т к е р г е ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ж ә н е ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е ш е т е л д і к ж ұ м ы с
к ү ш і н т а р т у ғ а р ұ қ с а т б е р у д і ң
қ а ғ и д а л а р ы м е н ш а р т т а р ы н а
9-қосымша

Корпоративтік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алу үшін ұсынылатын құжаттар

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ш е т е л д і к қ ы з м е т к е р г е ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ж ә н е ж ұ м ы с
б е р у ш і л е р г е ш е т е л д і к ж ұ м ы с
к ү ш і н т а р т у ғ а р ұ қ с а т б е р у д і ң
қ а ғ и д а л а р ы м е н ш а р т т а р ы н а
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.04.2014 N 322 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(облыстың, Астана, Алматы қалаларының атауы)

жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына кімнен _____

(шетелдік қызметкердің Т.А.Ә.)

(паспорт/жеке куәлік №, берілген күні
және берген мекеме)

ӨТІНІШ

_____ облысында (Астана немесе Алматы
қалаларында)

(жұмысқа орналасатын лауазымын (кәсібін) көрсете отырып)
жұмысқа орналасуға рұқсат беруді/ұзартуды сұраймын
(керегі сызып көрсетілсін)

Болжамды жұмыс орны: _____

(Жұмыс берушінің атауы және мекенжайы көрсетіледі)

Қызметкер туралы мәліметтер

Мекенжайы, телефоны, факс _____

Қоса берілетін құжаттар _____

Резидент елдегі мекенжай, телефоны _____

"Қолданыстағы Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс
берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен
шарттарымен таныстым".

Жұмысқа орналасуға рұқсат беру/ұзарту үшін қажетті менің дербес
деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Қызметкер _____

(қолы, тегі, аты-жөні)

20__ ж. " __ " _____

М.О.

Өтініш 20__ жылғы " __ " _____ қарауға қабылданды

(жауапты тұлғаның тегі, аты-жөні, қолы)

Шетелдік
орналасуға
берушілерге
күшін
қағидалары
11-қосымша

қызметкерге
және
шетелдік
тартуға
рұқсат
мен

жұмысқа
жұмыс
жұмыс
берудің
шарттарына

Шетелдік қызметкер жұмысқа орналасуға рұқсат алу үшін ұсынатын құжаттар

Ескерту. 11-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде латын әріптерімен), туған күні мен жылы, азаматтығы, төлқұжатының (жеке басын куәландыратын құжаттың) нөмірі, берілген күні және берген орган, тұрақты тұратын елі, шыққан елі, білімі, орталық атқарушы орган бекітетін Қазақстан Республикасында қолданылатын Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандығының, біліктілігінің (лауазымының) атаулары көрсетіле отырып, шетелдік қызметкер туралы мәліметтер.

2. Шетелдік қызметкердің біліктілігін растайтын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың нотариалды расталған аудармалары (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған болса, көшірмелері);

2) оның бұрын істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісінде жазылған қызметкердің еңбек қызметі туралы жазбаша растауы қоса берілген қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс стажы жөнінде біліктілік талаптары болған кезде) немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттар.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р г е	ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ,	с о н д а й - а қ	б е р у ш і л е р г е
ш е т е л д і к	ж ұ м ы с	т а р т у ғ а
ж әне	к о р п о р а т и в і ш і л і к	ш е ң б е р і н д е
а у ы с т ы р ы л а т ы н	ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р л е р д і
т а р т у ғ а	р ұ қ с а т т а р	б е р у
қ а ғ и д а л а р ы	м е н	ш а р т т а р ы н а
12-қосымша		

Шеңберінде корпоративішілік ауыстыру жүргізілетін экономика секторларының тізбесі

Ескерту. 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Экономикалық қызмет түрінің атауы
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығы
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді игеру
3	Ө н д е у ө н е р к ә с і б і
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау
5	Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және бөліп таратылуын бақылау
6	Қ ұ р ы л ы с
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу
8	К ө л і к және қ о й м а ғ а ж и н а у
9	Тұру және тамақтану жөнінде көрсетілетін қызметтер

10	Ақпарат және байланыс
11	Қаржы және сақтандыру қызметі
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
13	Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру
16	Білім беру
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс
19	Өзге де көрсетілетін қызметтер түрлерін ұсыну
20	Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіретін үй шаруашылықтарының қызметі
21	Бұрынғы аумақтық ұйымдар мен органдардың қызметі

Шеңберінде корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын экономика секторлары 2009 жылғы 1 қаңтарда енгізілген ҚР МЖ ЭҚЖЖ 03-2007 " Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішінің негізінде айқындалады және жіктеледі.

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, сондай-ақ жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидалары мен шарттарына 13-қосымша

(облыстың, Астана, Алматы қалаларының атауы)
жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына

(заңды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

Ескерту. 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ облысына корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын шетелдік қызметкерлерді тарту үшін _____ адамға

рұқсат беруді/ұзартуды сұраймын (қажеттісінің астын сызу керек), оның ішінде Шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидалары мен шарттарының 61-4-тармағына сәйкес:

басшы - ___ адам, _____

(лауазымы (мамандығы көрсетілсін)

менеджер - ___ адам,

оның ішінде лауазымдар (мамандықтар) бойынша: _____

_____ мамандар - ___ адам,

оның ішінде лауазымдар (мамандықтар) бойынша: _____

Шетелдік жұмыс күші тартылатын экономиканың секторын көрсету:

Жұмыс беруші туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасындағы жұмыс берушінің атауы:

_____ Меншік нысаны _____

_____ Құрылған күні 20 ___ жылғы " ___ " _____

Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелгені туралы куәлік _____

_____ (нөмірі, қашан және кім берген)

ЖСН _____, БСН _____

_____ Жүзеге асыратын қызмет түрі _____

Мекенжайы, телефоны, факсы _____

—
Қоса берілетін құжаттар: _____

— Шетелдік жұмыс күшін тарту қажеттілігінің негіздемесі: _____

— Корпоратившілік ауыстыруды жүзеге асыратын жұмыс беруші-шетелдік заңды тұлғаның толық атауы: _____

— Резидент елде тіркелгені туралы деректер _____

— (мемлекеттік тіркеу №, тіркелген күні және тіркеу органының атауы)
Резидент елде салықтық тіркеу нөмірі немесе оның аналогы _____

— Жүзеге асыратын қызмет түрі _____

— Резидент елдегі мекенжайы, телефоны _____

— "Қолданыстағы Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоратившілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсаттар беру қағидаларымен және шарттарымен таныстым."

Басшы _____

— (қолы, тегі, аты-жөні, лауазымы)

20__ ж. " __ " _____

М.О.

Өтініш 20__ ж. " __ " _____ қарауға қабылданды

— _____

(жауапты адамның тегі, аты-жөні, қолы)

Шетелдік орналасуға, шетелдік және ауыстырылатын тартуға қағидалары 14-қосымша	қызыметкерге сондай-ақ жұмыс корпоративішілік	жұмыс күшін ауыстыру шетелдік рұқсаттар мен	жұмысқа берушілерге тартуға шеңберінде қызметкерлерді беру шарттарына
---	--	--	---

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тартуға рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттар

Ескерту. 14-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жұмыс берушімен (Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекеттің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін заңды тұлғамен) жасалған еңбек шартының нотариат куәландырған аудармасы (мемлекеттік және орыс тілдерінде).

2. Өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдары берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі басталған ерекше шарттарының (бар болса) орындалуы туралы ақпарат.

3. Тегін, атын, әкесінің атын (оның ішінде латын әріптерімен), туған күнін, азаматтығын, паспорттың (жеке басын куәландыратын құжаттың) нөмірін, күні мен берген органды, тұрақты тұратын елін, шыққан елін, білімін, мамандығының атауын, Қазақстан Республикасында қолданылатын, орталық атқарушы орган бекітетін Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес біліктілігін (лауазымын) көрсете отырып, тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер.

4. Тартылатын шетелдік қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен жария етілген білімі туралы құжаттардың нотариат куәландырған сканерленген түрдегі аудармалары (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған болса, көшірмелері);

2) қызметкер бұрын жұмыс істеген жұмыс берушінің ресми бланкісіндегі қызметкердің еңбек қызметі туралы жазбаша растауды немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растау құжаттарын сканерленген түрде қоса бере отырып, қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс өтіліне қарай біліктілік талаптары бар болса).

5. Осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат.

6. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес рұқсаттар берудің ерекше шарттарын жұмыс берушімен келісу нысаны.

Ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р г е	ж ұ м ы с қ а
о р н а л а с у ғ а ,	с о н д а й - а қ	б е р у ш і л е р г е
ш е т е л д і к	ж ұ м ы с	т а р т у ғ а
ж әне	к о р п о р а т и в і ш і л і к	ш е ң б е р і н д е
а у ы с т ы р ы л а т ы н	ш е т е л д і к	қ ы з м е т к е р л е р д і
т а р т у ғ а	р ұ қ с а т т а р	б е р у
қ а ғ и д а л а р ы	м е н	ш а р т т а р ы н а
15-қосымша		

Кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпараттың нысаны

Ескерту. 15-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №		Жұмыс беруші қызметкерлерінің саны, адам		Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тарту жоспарланып отырған шетелдік жұмыс күшінің саны, адам	3 - баған	4 - баған	Қазақстандық азаматтар қатарындағы қызметкерлердің жалпы санына қатысты корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын шетелдік жұмыс күшінің %, 7-баған/6-баған*100 %
		барлығы	оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылған шетелдік жұмыс күші				
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Менеджерлер мен мамандар						
2	Жиыны						

Ескертпе: шетелдік қызметкер 4-бағанда есепке алынған жағдайда, ол 5-бағанда есепке алынбайды

Жұмыс беруші: _____

(қолы, тегі, аты-жөні, лауазымы)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК